

Садуақас Ғылмани

ЗАМАНАМЫЗДА БОЛҒАН
ҒҰЛАМАЛАРДЫҢ ҒҰМЫР
ТАРИХТАРЫ

I том



«ҒЫЛЫМИ ҚАЗЫНА»

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ
ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ БАСТАМАСЫ
БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ
ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«ҒЫЛЫМИ ҚАЗЫНА» МАҚСАТТЫ
БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІ**

Сәрінжіпов А. Б. – Кеңес төрағасы, бас редактор

Аяған Б. Ғ.

Әбжанов Х. М.

Әбусейітова М. Қ.

Байтанаев Б. Ә.

Дербісәлі Ә. Б.

Еспаев С. С.

Қалижанов У. Қ.

Малбақов М. М.

Шәукенова З. К.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ
ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Р.Б. СҮЛЕЙМЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ШЫҒЫСТАНУ ИНСТИТУТЫ**

Садуақас Ғылмани

**ЗАМАНАМЫЗДА БОЛҒАН
ҒҰЛАМАЛАРДЫҢ ҒҰМЫР
ТАРИХТАРЫ**

**I том
Екінші басылым**

Жауапты шығарушылар:

Ә.Қ. Муминов, А.Дж. Франк

Баспаға дайындаушылар:

**А.Ш. Нұрманова, С. Моллақанағатұлы,
Ұ.А. Өтепбергенова, Т.Ж. Жұманов**

Алматы



2015

*Баспаға Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты
Ғалымдар кеңесінің шешімі бойынша ұсынылды*

**«ҒЫЛЫМИ ҚАЗЫНА» мақсатты бағдарламасының
Шығыстану секциясы:**

М.Қ. Әбусейітова (төрайым),
Ғ.М. Дүйсен (төрайымның орынбасары),
Д.Е. Медерова (жауапты хатшы), **Б. Еженханұлы**, **Ә.Қ. Муминов**,
Ш.Ж. Тохтабаева, **А.Ш. Нұрманова**, **Ғ.Ә. Қамбарбекова**

Пікір жазғандар:

ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, филол.ғ.д., профессор
Дихан Қамзабекұлы
PhD докторы, профессор **А. К. Бустанов**

*С. Ғылмани перзенті Үкіжан және Әмина
Сәдуақасқыздарының ниетімен, Бөгенбай ұрпағы Ерлан
Барлыбаевтың демеушілігімен басылды*

**THE MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
R. B. SULEYMENOV INSTITUTE OF ORIENTAL STUDIES**

Sadwaqas Ghilmani

**BIOGRAPHIES OF THE ISLAMIC
SCHOLARS OF OUR TIMES**

**Volume I
Second Edition**

Chief Editors:

Ashirbek K. Muminov, Allen J. Frank

Assistant Editors:

**Aitzhan Nurmanova, Saypulla Mollaqaqanaghatulı,
Urqiya Utepbergenova, Timur Zhumanov**

Almaty, 2015

УДК 929
ББК 63.3-8
Ғ 96

Ғылмани С.

Заманамызда болған ғұламалардың ғұмыр тарихтары. I том /
Ғ 96 Жауапты шығарушылар: Ә.Қ. Муминов, А.Дж. Франк. Кіріспе, қазақшаға және ағылшыншаға аударма, түсіндірмелер мен көрсеткіштерді дайындағандар: Ә.Қ. Муминов, А.Дж. Франк, А.Ш. Нұрманова, С. Моллақанағатұлы, Ұ.А. Өтепбергенова, Т.Ж. Жұманов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2015. – 576 б.+ 8 жап-сырма.

ISBN 978-601-290-072-9

Қазақ мұсылман қоғамын жан-жақты, тереңінен зерттеуде Садуақас Ғылманидің (1890–1972) өмірбаяндық жинағының айрықша орны бар. Шығарма 1967–1972 жылдар арасында жазылған. Басылымға жекеменшік қорда сақтаулы авторлық қолтаңба мәтіні негіз болды. Жинақ 9 бөлімнен тұрады және онда көптеген тұлғалардың, әсіресе Қазақстанның солтүстік және орталық аймақтарынан шыққан ғұламалардың өмірбаяны жинақталған. Кітап зерттеу бөлімімен (кіріспе), шығарманың қазіргі замандағы кирилл жазуындағы қазақша мәтінімен, ағылшын тіліне аудармасымен, ғылыми көрсеткіштермен жабдықталған.

Кітап тарихшыларға, дінтанушыларға, шығыстанушыларға, мәдениеттанушыларға, Орталық Азия және Қазақстан тарихы мен мәдениетінің әртүрлі астарларына ден қоюшы барша оқырмандарға арналған.

УДК 929
ББК 63.3-8

ISBN 978-601-290-072-9

© Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, 2015

© Дайк-Пресс ЖШС-і көркемдеу, 2015

ЕСКЕРТКІШТІ ЖАРИЯЛАУҒА КІРІСПЕ

Қазақ мұсылман қоғамы Солтүстік Кавказ (батысында), Еділ-Жайық өңірі мен Сібір (солтүстігінен), Шығыс Түркістан (шығысында), Мауараннахр мен Хорасан (оңтүстігінде) мұсылман қоғамдарының аралығында жайғасқан орасан зор мекенді алып жатыр. Оның қалыптасу тарихы, дамуының көпсатылылығы және болмысының ерекшеліктері осы күнге дейін табылған жазба дереккөздерінің аздығы, оларда келтірілетін мәліметтердің үзіктілігі және біржақтылығы салдарынан әлі күнге дейін толық зерттелінбей келеді. Қазақ мұсылман қоғамының өз тамырынан тартатын жазба дереккөздердің тапшылығы ғылыми көпшілікке белгілі, сол себепті зерттеу әдебиетінде бұл мәселе «сыртқы» дереккөздер мәліметтері арқылы шешіліп келеді.

Қазақ мұсылман қоғамының өзіндік құндылығын, толыққандылығын түсіну үшін оның ішіндегі «теориялық исламның» төл өкілдері, ғұламалары, дінбасылары ортасын зерттеудің маңызы зор. Бұл діни ортаның құрамын анықтау көшпелі қоғам жағдайындағы исламның болмысы сияқты күрделі ғылыми мәселені зерттеуге түрткі болады. Жалпы халық арасында ислам дінінің қағидаларын, мұсылмандық мәдениет шарттарын түсіндіріп, кеңінен таратудағы осы ғұламалардың атқарған қызметі ерекше зор, олар исламдық түсініктердің, салттардың, талаптардың ұлттық мәдениеттің нақты салаларымен етене астасып кетуін қамтамасыз етіп отырған.

Ғұламалардың өмір тарихын, олардың қызметі мен шығармашылығын зерттеу арқылы қазақ қоғамындағы ислам болмысының ортағасырлық және жаңа тарихын зерделеуге болады. Бұл тұрғыдан алғанда жергілікті қазақ қоғамы ішінде туындаған тарихи-өмірбаяндық әдебиет орасан зор ғылыми сұранысқа ие болады.

Тарихи-өмірбаяндық әдебиеттің қазақ қоғамының толық саяси егемендігі заманындағы мұсылмандық қоғам тарихының

классикалық кезеңін, онан кейінгі – аласапыран қиындықтар түскен мәжбүрлі өзгерістер кезеңдеріндегі (жоңғар шапқыншылығы жылдары, шапқыншылықтан соңғы қайта жаңғыру, бодандастырылу, кеңестер қоластына өту және т.б.) зерттеуде ерекше орны бар. Ол өз кезегінде, қазақ мұсылмандық қоғамын зерттеуде жаңа алғышарттар – ретроспективті және перспективті түрде зерттеу жолдарын ашады, көлденең алғанда (мұсылмандардың әралуан топтары мен түрлері) және тігінен қарастырғанда (діндар топтар, олардың діни айтыстары мен көтерген мәселелері).

Тарихи-өмірбаяндық әдебиеттің Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихын зерттеуде де құндылығын атап өту лазым. Біздің қолымызда бұл кезеңдегі мұсылмандық қоғамның және оның жоғарғы қабатындағы – ғұламалардың қызметі бойынша, кеңестік ресми құжаттарды есептемегенде, ешқандай мәліметіміз жоқ деуге болады.

Қазақ мұсылман қоғамын жан-жақты, тереңінен зерттеуде айрықша орны бар тарихи-өмірбаяндық әдебиеттің бірі Садуақас Ғылманидің (1890–1972) «Заманамызда болған ғұламалардың ғұмыр тарихтары» атты қазақ ғұламаларының өмірбаяндық жинағы.

Шығарманың авторы

Жарияланып отырған шығармада Садуақас Ғылманидің толық өмірбаянының келтірілуі (9-бөлімді қараңыз) себепті, оның өмір тарихы мен қызметі кіріспе бөлімде берілмеді. Дегенмен біздің зерттеулеріміз барысында жинақталған қосымша дереккөздер (автор әулеті мүшелерінің құлпытастары мәтіндері, өзінің жеке өміртарихтық өлеңдері, жеке мұрағаттық қорынан алынған мәліметтер, туыскандарымен жүргізілген сұхбаттар) автордың өмірбаяндық мәліметтерін толықтырып, кейбір нақтылаулар енгізуге мұрсат береді.

Бірінші мәселе автордың туған жылына байланысты – өзінің өмір тарихында автор 1890 жыл деп көрсеткен. Әдебиет беттерінде туған жылы екі түрлі көрсетіліп келеді: 1) ОАҚМДБ (Орта Азия мен Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы)-ның некрологында – 1889 жыл¹;

¹ *Зийа' ад-дин ибн Ишан Бабахан, Қазии Назарбеков, Қазии 'Абдуллах Каланов, Йусуф-хан Шакиров, 'Абд ал-Ғани 'Абдуллаев. Сакин Са'д-и Вақкас Ғилманов [Некролог] // Совет шарқи мусулманлари. Ташкент, № 2 (14), 1392/1972, 31-б.*

2) кең таралған әнгімелерде қоян жылы (яғни 1890 жылдың наурызы мен 1891 жылдың наурызы арасы)².

Садуақас Ғылманидің әулеттік фотоальбомдағы бір суретте жазылған өз қолтаңбасы негізінде зерттеушілер оның туғанда азан шақырылып қойған есімі «Сағыракадыр» деген де пікірлер айтып жүр. Ата-анасы еркелетіп, осы есімнен шығарып «Сәкен» деп атап кеткен дейді³.

Өз өмірбаянында «жеті атасын білу» салтына сәйкес Ғылмани өзінің арғы аталары жөнінде кейбір мәліметтерді жазып өтеді – арғы атасы «Сары молда» лақабымен белгілі болған Мұхамедияр Мұхтарұлы Ғазин, атасы Сәлмен қажы және әкесі Ғылман туралы. Алғашқы екі кісі «указной молда» болған (3-бөлім, «Указной молдалар» атты бөлімшені қараңыз), ал әкесі Ғылман қолөнершілік кәсіппен күнкөрісін тапқан кісі. Өмірінің соңғы жылдары ғана Құран үйренуді қолға алған. Құлпытастарында кирилл жазуымен қазақ тілінде жазылған эпитафиялық мәтін арғы атасының өмір сүрген жылдарын анықтауға мүмкіндік берді (1807–1870), оның шыққан тегін («естек» тайпасынан, яғни башқұрт)⁴, Сәлмен қажы Мұхамедиярұлы Ғазиннің өмір сүрген жылдары (1830–1914)⁵. Өкінішке орай, Ғылман Сәлменұлы (1856–1939) 1939 жылдың 10 мартында Омбы өңірінде қайтыс болып, сол жақта жерленуі себепті, ол кісінің мазаратына бара алмадық.

² Ғылмани С. Шығармалары / Құрастырған Дихан Қамзабекұлы. Алматы: Ел-шежіре, 2010, 7-б. Автор өзінің туған жылын мүшел бойынша ғана біліп, туған күні мен айын білмеген: Садуақас Ғылмани. Өмір тарих // Ғылмани С. Шығармалары, 344-б.

³ Сонда; Садуақас Ғылмани, <http://sunna.kz/kz/page/view?id=48>.

⁴ Оның Сарыарқаға Самар губерниясы Бұғылма үйезіндегі Денис деревнясынан келгендігі туралы 1930 жылы жазылған өлеңінде айтып кетеді: Садуақас Ғылмани. Тәржіма хал // Ғылмани С. Шығармалары, 58–65-бб.

⁵ Ата-баба жерінде – Қызылшілік ауылының төре зиратындағы құлпытас-тарды кейінірек Садуақас Ғылманидің өзі қойдырған болса керек: ондағы жазулар қазақ тілінде кирилл графикасымен жазылған. Мұхамедиярдың құлпытасындағы жазу: «Мухамедияр Сары Молда Мухтарұлы Газиев, 1807-187., руы Естек. Жами осы рудан тараған ұрпақ-аруақтарға Алла рахмет айласын! Ескерткіш ұрпақтарынан». Сәлмен қажы құлпытасы мәтіні: «Ғазы ұрпағы Мухамедиярұлы Сәлмен қажы, 1830–1914, руы Естек. Осы рудан тараған ұрпақ-аруақтарға (Ескерткіш ұрпақтарынан) Алла рахмет айласын. Аумин!» (Сайполла Моллақанағатұлының фотолары, 2008 ж.).

Садуақастың өсіп жетілуінің шешуші кезеңі – 1901 жыл, яғни ол анасы Ұрқиядан айырылған уақыт болды. Сол кезеңде туысқандарының ақылымен (Мұқан атты туған бауыры мен әпкесі Мәпен), әкесінің жаңа отбасына кіріптар болмас үшін, атасы Сәлмен қажы немересін *мударрис* және имамдық кәсіпке оқыта бастайды. 1904 жылдан бастап Садуақас күнкөрісі үшін ұстаздық қызмет (молдалық) арқылы нәпақа таба бастайды.

Кеңес өкіметі тұсында, 1929 жылдан басталған өзге пікірдегілерді қудалау науқаны кезеңінде, Садуақас өзінің атқарып жүрген қызметі негізінде қысым көреді (тергеу, түрмеге қамау, жер аудару). Қудалау шараларының салдарынан ол өз атақонысын тастап, тіпті тегін (фамилиясын) өзгертуге де мәжбүр болады: жеке құжаттарын тартып алуы себепті ол түрмеден бөтен адамның Әбдікерім Мусимов/Муслимов есіміне берілген төлқұжатпен шығады. 1934 жылы ол Омбы облысына көшіп кетеді де, онда 1946 жылға дейін өмір сүреді.

Садуақас Ғылмани төрт рет үйленген. Төрт әйелінен көптеген бала көрген, бірақ олардың көпшілігі сәби кезінде, заманындағы жоқшылық, ауру салдарынан шетінеп кеткен. Балаларынан үшеуі ғана тірі қалған: Үкіжан (Мүмина), Хаммад және Әмина. Садуақас өзінің көзі тірісінде ұнтаспалық жазбада айтып кеткен өсиетінде өзінің тікелей мұрагерлері ретінде осы үш баласы мен әйелі Жәмиланы атап кетеді. Осылайша, осы аты аталған кісілер мен олардың тікелей ұрпақтары Садуақас Ғылманидің мұрасын іздеп тауып, түгелдеу барысында негізгі кейіпкерлер болып табылады, біздің іздестіру жұмыстарымыз барысында осы кісілердің өмір тарихына аса маңыз берілді:

1. Үкіжан Каримова 1923 жылы Ғылманидің бірінші әйелі Нияз-Қанжығалы руынан болған Дәмелі Ержанқызынан (1927 жылы қайтыс болған) туылған. Керей руынан Ғалымжан Каримовке (1999 жылы қайтыс болған) күйеуге шығады. Жеті баласы болған 1) Ғабдуссамад Каримов (1947 ж. туған); 2) Райхан Исраилова (1950–2014); 3) Мұхаммадғали (1954 ж.т.); 4) Күлжиян (1957 ж.т.); 5) Ғабдулахад (1959 ж.т.); 6) Ғабдулмажит (1963 ж.т.); 7) Сауле (1966 ж.т.). Қазіргі кезде Үкіжан Каримова Астанада тұрып жатыр. Ол кісі әкесінен қалған мұрасы мен заттарын Астанадағы Садуақас қажы Ғылмани мешітінің «Садуақас Ғылмани мұражайы» қорына тапсырған.

2. Хаммад Садуақасұлы Әбдікерімов (1922-1943), екінші әйелі Мағфирадан туған (Мәпен, 1933 жылы Омбы облысында қайтыс

болған). II дүниежүзілік соғыста қаза тапқан. Әкесі оны тірі санап, аман қайтады деп сенген. Осы себепті Хаммадты өзінің мұрагерлері қатарында айтып қалдырған.

3. Әйелі Жәмила Бимағамбетқызы (1894-1975), Қылшар-Қанжығалы руынан.

4. Әмина Садуақасқызы Гелманова/Есмағамбетова, Жәмиладан 1939 жылдың 27 апрелінде Ресей Федерациясының Омбы облысы Любимский ауданы Шулаев ауылдық округіндегі «Жаңа ауыл» ауылында дүниеге келген. Алайда ол туу туралы куәлігін тек Ақмола облысы Төңкеріс ауылының тумасы ретінде 1946 жылы алады. 1960 жылы Абжақанов Рахманға күйеуге шығады. Отбасылық өмірі жараспағандықтан, туған ұлы атасының атына жазылып Ғабдулахит Рахманұлы Ғылманов (1961 ж.т.) болып жазылады. Ғабдулахиттың Қуат Ғылманов (1988 ж.т.) атты ұлы, Малика (2004 ж.т.) атты қызы бар.

1963 жылы Әмина екінші рет Керей руынан Дәулен Рахметұлы Есмағамбетовке (2009 ж. қайтыс болған) күйеуге шығады. Үш қыздары бар: 1) Сағида Есмағамбетова (1965 ж.т.), Айдар Исаев атты ұлы бар; 2) Шырын Илякова (1969 ж.т.), Дамир Иляков атты ұлы бар; 3) Ғайша Есмағамбетова (1972 ж.т.), Нұрбек Қасымбаев атты ұлы бар.

Білімі мен қызметі

Ғылманидің ғұлама ретінде қалыптасу жолын анықтау үшін алдымен оның білім берудің қадими жолына (*усул-и қадим*) және де кеңестік білім беру жүйесіне (кеңестік мектеп) көзқарастарын анықтап алу маңызды. Алғашында – үй-ішілік (1901-1904) және жеке молдалардан (1907-1916) сауат ашқан жылдары ол қадими жүйе ықпалында болады. Дүниетанымының күрт өзгеруі оның Ақтамақ Халпе қолына өтуімен байланысты, ол кісі Уфадан діни және дүнияуи ғылымдарды оқыту үшін бірнеше жаңа бағыттағы кітаптар алып келеді. 1918 жылдан кейін Ғылмани жәдидшілердің білім берудегі жаңа әдістерін толық меңгеріп алады⁶. Автордың өзінің сөзіне қарағанда, 1920-шы жылдары өзінің ұстаздық қызметінде толығынан жаңа жүйеге ауысу талабы болған, дегенмен ол ойынан тез арада бас тартады.

⁶ *Салқынбай М. С.* Ғылмани – арабтанушы ғалым // Вестник КазНУ им. аль-Фараби. Серия востоковедения. № 4 (2005), 75-6.

Орта Азия мен Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы (ОАҚМД, 1943–1992) жүйесіне кіргеннен соң Ғылмани қазақ тіліне бейімделген араб жазу жүйесін (Ахмет Байтұрсынұлы әліппесі) пайдалауға көшкен: а) Ақмола қаласында имам қызметін атқарып жүргенде (1946–1952); ә) Қазақстанның қазіі қызметін атқару кезінде (1952–1972). Сонымен қатар ол Қазақстандағы ОАҚМД өкілі, Алматы қаласы имамы қызметін де қатар атқарып отырған. Садуақас Ғылмани 1972 жылдың 24 сәуірінде жүрек талмасынан қайтыс болды.

Шығармашылығы

Садуақас Ғылмани өзінің ұзақ шығармашылық ғұмырының әркілы кезеңдерінде әдебиеттің әр түрімен шұғылданған. Алдымен оның ақындық шығармашылығы туралы айтып өту қажет (1920–1930 жылдары). Бұл жылдары ол қазақ ақын-жырауларының әдеби мұрасын жинақтап, өзі де өлең шығаратын болған. Шығармашылығының бір кезеңінде (1931–1936) қазақ шежірелерін жазып алып, жинақтаумен де шұғылданған. Өкінішке орай, оның бұл тақырыпта жинақтаған қомақты шығармасын (бір кеңсе кітапшасы) 1936 жылы есімі белгісіз бір кісі жойып жібереді.

С. Ғылмани ресми қызметке отырғаннан соң «Араб-қазақ сөздігін» құрастыруға кіріседі, бұл жұмысына 20 жылдай уақытын (1946–1966 ж.) арнайды. Сөздік 108 мың сөзден тұрады. Бес томдық, машинкада басылған мәтінге кейіннен қолмен жазылған 27 томдық қосымша құрастырылады. 2005 жылы Б. Омарұлы мен Мұхит Салқынбайдың бастамасымен осы сөздікті жариялау жұмыстары басталды (әзірге 1-томның бірінші кітабы ғана жарық көрді).

Садуақас Ғылмани араб тілі мен әдебиеті бойынша еңбектер жазған, араб, татар тілдерінен қазақ тіліне аударумен де шұғылданған. Ол алғашқылардың бірі болып Құран мен оның түсіндірмелерін қазақ тіліне кәсіпқой дәрежесінде аударған («Тафсир ал-манар», «Сафват ал-байан», Мұхаммад ‘Абдо шығармаларын)⁷. Шығармашылығындағы

⁷ *Тілеухан әл-Мәжени*. Қазақ еліндегі «Құран Кәрім» аудармалары (немесе Құранды қазақ тіліне аудару жұмыстары жүз жылдан бері жалғасып келе жатқандығы туралы шағын шолу). 10 қараша, 2010 жыл. <http://turkiya.kz/?p=256>

ерекше орынды Ғылманидің апологетика бойынша трактаттары алады, бұл жұмыстарында ол атеистердің исламға шабуылына қарсы жауаптарын береді (М. Токжігітовтың «Құран туралы ақиқаттар» кітабын жокқа шығару).

Оның «Діни педагогика», «Мәуліт кітабы» атты жұмыстары көпшілікке белгілі. Бұлардан басқа ол діндарлар арасында кеңінен мәлім болған «Иман-шарт» атты діни курс әдіснамасын жасап шыққан.

Садуақас Ғылмани мұрасы

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде Ғылмани мұрасын көпшілікке алғаш ашқан публицист Нұрқасым Қазыбек болды. Ол 1993 жылы екі мақала жариялайды⁸. Мұнан соң бірнеше әдебиеттанушылық жарияланым басылды. Оларда Ғылманидің бай мұрасының тарих пен оны ары қарай зерттеудегі маңызы туралы мәселелер көтеріледі⁹. Бұл басылымдардың маңызы қоғамдық түйсікте Ғылмани тұлғасын танымал ету болды: мешітке оның есімі берілді, Астанадағы бір көше аталынды, музей ашылды. Кейбір еңбектері жарық көрді¹⁰.

Садуақас Ғылманидің жеке кітапханасы, тұтынған жеке заттары Қазақстан мен шетелдік көптеген мемлекеттік мекемелер мен жеке қорларға тарқап кеткен. Мұрасының ең бағалы бөлігі – шығармаларының қолжазба нұсқалары, оның аудиотаспаға жазылған өсиетіне сәйкес, әйелі Жәмиланың қолында сақталып, кейіннен қызы Әмина Садуақас қызы Есмағамбетованың қолына

⁸ Қазыбек Н. Осы жұрт Ғылманиді біле ме екен? // «Заман-Қазақстан», 15 қазан 1993 жыл; *сонікі*. Садуақас Ғылманидің жиған-тергендері // «Заман-Қазақстан», 29 қазан 1993 жыл.

⁹ Тілеухан Мәжени. Дін қайраткерінің қиын жолы // Қазақ елі, 8 тамыз 1997 жыл; Бұйрабай Б. Садуақас Ғылманидің еңбектері ғылыми тұрғыда зерттеп, зерделеуді қажет етеді // Ислам және өркениет, №4, 2003 жыл; Қамзабекұлы Д. Ғылмани ғибраты: Әмина Садуақасовамен сұхбат // Астана хабарлары, 9 қазан 2007 ж.; *бұл да сонікі*. Ғылмани мұрасының ғылыми мәні // Астана ақшамы, 7 қазан 2010 жыл.

¹⁰ Ғылмани С. Шығармалары / Құрастырған Дихан Қамзабекұлы. Алматы: Ел-шежіре, 2010; Мәуліт / Дайындаған Үкіжан (Мүмина) қажы Садуақасқызы. Астана, 2014.

өткен. Келесі бір бөлігі үлкен қызы Үкіжан Каримованың қолында сақталған. 2014 жылдың мамыр айында Ү. Каримованың қолында сақталған бөлігі Астанадағы «Садуақас қажы Ғылмани мешіті» жанынан ашылған Садуақас Ғылмани музейіне өткізілді. Әмина Есмағамбетованың қолында болған кейбір заттары бір кездері Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік музей (Алматы қ.) қорына және басқа мекемелерге өткізілген болатын¹¹.

Ғылмани мұрасы өзінің құрамы жағынан әртүрлі болып келеді: ол оның шығармалары, түрлі тілдерден аудармалары, діни өмір бойынша заңнамалық актілердің көшірмелері, тарихи фотосуреттер, өңірлердегі діни тұлғалардың жазбалары, естеліктері, діни уағыздар, өте көп көлемдегі хаттар. Олардың көпшілік бөлігінде Ғылманидің өз қолтаңбасы немесе олардың бетінде жинақтаушының жазған құнды ескертпелері бар.

Әмина Есмағамбетованың жеке қоры (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

Ғылманидің өсиеті бойынша әйелі Жәмиланың қолында сақталған барлық мұрасы, ол кісі қайтыс болғаннан кейін кіші қызы Әмина Есмағамбетованың қолына өтеді. Кейбір өзгерістерден кейін (мұражай не кітапхана қорларына өткізу, жеке кісілердің аз уақытқа пайдалануға алуы сияқты), қазіргі күні бұл қорда Ғылманидің шығармаларының түпнұсқалары (автографы), баспа кітаптар, жекелеген хаттар, төрт фотоальбом және жекелеген суреттер сақталып отыр. Кітаптарының екі түрлі тізімі бар, оларды орыс тілінде Әмина Ғылманова жасап шыққан («Список интеллектуальных наследий Гельманова Сакена», «Список трудов отца»). Ол тізімде 13 аталым бар:

1) Машинкада басылған бес томдық араб-қазақ сөздігі және автордың өз қолымен бес томға қосымша ретінде жазған 27 кеңсе кітабы;

2) Жекелеген атақты кісілердің өмір тарихының жинағы (59 кісі, мұқабадағы кітап). – 980 п.;

¹¹ Әмина Есмағамбетованың жеке қорында ҚР Ұлттық кітапханасы қорына өткізбек болған 17 кітаптың тізімі бар (17 аталым). Қор иесінің сөзіне қарағанда ол кісі кенеттен бермейтін болып шешім қабылдаған.

3) 149 беттік монография («Клевета и нападки на Коран»), мұқабадағы кітап, М. Токжігітовтың «Құран туралы ақиқаттар» деген кітабына қарсы жауап;

4) Саид ибн Мұхаммадтың «Ұйқыдан ояну, яғни дінсіздердің көзін ашу» атты еңбегінің қазақша аудармасы. – 154 п.;

5) Махмуд Шалтуттың «Соғыс пен бейбітшілік» атты Құран түсіндірмесі бойынша еңбегінің қазақша аудармасы, мұқабадағы кітап – 101 п.;

6) Парижден келген сұрақтарға жауап (Ахмед Заки). – 270 б.;

7) «Маулид ан-Наби», өлеңмен жазылған, мұқабадағы қолжазба. – 165 п.;

8) Құранның кейбір сурелеріне түсіндірме, мұқабадағы қолжазба. – 136 п.;

9) Ислами уағыздар, дәптер түріндегі қолжазбалар – 265, 120, 92 б.;

10) Діни уағыздар, мұқабадағы қолжазба, – 87, 90 п.;

11) Фотосуреттер альбомы, 4 бірлік (біреуі Орталық мемлекеттік музей қорына тапсырылған, біреуі мешітке сақталады);

12) «Иман-шарт». Діндарларға басшылық;

13) Өлеңдер жинағы, 2 кітапта, – 147, 380 бет.

1990 жылдары бұл қорда А.Байтұрсынұлы әліппесін меңгерген, Қытайдан келген Тілеухан Мәжен есімді кісі жұмыс істеген. Ол кісі қордағы қолжазбалардың барлығына инвентарлық нөмір қойып шыққан, олар қолжазбаның басқы бетіне немесе мұқабасына қойылған.

«Садуақас қажы Ғылмани» мешіті жанындағы Садуақас Ғылмани мұражайы (Астана қ.)

1943–1944 жж. Ақмола мұсылмандар жамағаты Құсайын деген азаматтан екі бөлмелі үйді алып, кейіннен оны мешітке айналдырады. Бұл мешіт 50 жылдан астам уақыт жергілікті мұсылмандар үшін діни орталық қызметін атқарды. Тәуелсіздік алған соң және астананы Ақмолаға көшіргеннен кейін ескінің орнына жаңадан үлкен мешіт сала бастады: оның құрылысы ескі орында 1991 ж. басталып, 1996 жылы аяқталды. Мешіт 2005 ж. Садуақас қажы Ғылманидің құрметіне аталатын болды. 2014 жылдың 14 мамырында Садуақас қажы Ғылмани мешітінің жанынан Ғылмани музей салтанатты түрде ашылды.

Мұражайға жеке заттары, қолжазбалар, басылған кітаптар, уағыздарының аудиожазбалары, тарихи фотосуреттер, Садуақас Ғылмани тұрмыста пайдаланған заттары қойылған. Бұның барлығын имамның үлкен қызы Үкіжан Каримова тапсырған болатын.

ҚР БҒМ ҒК «Ғылым Ордасы» РМК Ғылыми кітапханасы (Алматы қ.)

Садуақас Ғылманидің естеліктерінде ол өзі біраз қолжазбаларын Қазақ КСР Ғылым академиясына тапсырғандығы туралы атап өтеді. Біздің бұрынғы Қазақ КСР Орталық ғылыми кітапханасына (қазіргі ҚР БҒМ ҒК «Ғылым Ордасы» РМК Ғылыми кітапханасы) жасаған сұранысымыз барысында мұнда оның еңбектерінің бір данасы бар екендігі анықталды:

«Калила мен Димна». Арабшадан қазақ тіліне аударған Ғылманов Сәкен. ҚР БҒМ ҒК «Ғылым Ордасы» РМК Ғылыми кітапханасы, 335 Папка, 160 парақтан тұратын бума. Бума 10 оқушы дәптерінен құралған. Кейіннен түптелген. Папкада сонымен қатар бұл қолжазбаның аудармасына берген және қолжазбаны қорға қабылдаған актіге берген Сәбитованың қорытындысы сақталған. Қабылдау актісіне М.О. Әуезов, Ғ.Мұсабаев, Е. Ысмайылов, Г. Ситдиқовтар қол қойған. Қолжазбаны сақтауға Г. Ситдиқов қабылдаған. Қолжазбаның қорға қабылданған күні: 8 желтоқсан 1948 ж. Қолжазбаны Ақмола қ., Южная көшесі, 19-үй мекенжайында тұратын, фольклор жинаушы Тәкежан Құсайынов тапсырған деп белгіленген¹².

ҚР БҒМ ҒК «Ғылым Ордасы» РМК Сирек кездесетін кітаптар музейі

Бұл музейге Хаким Омаровтың (1906–1974) қызы Мәдина Омарова тапсырған кітаптардың арасында (2012 жылдың мамырындағы № 4 акт) Садуақас Ғылманидің үш еңбегі сақталған:

1. «Рисала-йи мухаммадийа», қазақ тіліне аударған Садуақас Ғылмани. Сирек кездесетін кітаптар музейінің қолжазбасы, КК (Кіріс

¹² Ауызша ақпарат берген ҚР БҒМ ҒК «Ғылым Ордасы» РМК Ғылыми кітапханасының Қолжазбалар және сирек кездесетін кітаптар бөлімінің меңгерушісі Гүлшат Абиқова, 4 тамыз 2014 жыл.

кітабы) 573, инв. № 286 НҚ (Негізгі қор). Аударма 1968-1971 жж. орындалған. Автограф. Кітаптың түптелуі – қолдан жасалған, көк түсті.

2. «Калила мен Димна». Арабшадан қазақ тіліне аударған – Садуақас Ғылманұлы. Аударманы жасаған уақыты – 1950 жыл. Музейдегі мүліктік нөмірі КК 576, инв. № 289 НҚ, бб. 36-168. Көшіруші: Ғабдулхақим (Хақим) Омаров.

3. «Ислам фикхысы тарихында жоғарғы фикр». Арабша түпнұсқасының авторы – Мухаммад ибн ал-Хусайн ал-Халджави. Қазақ тіліне аударған – Садуақас Ғылмани. Музейдегі мүліктік нөмірі КК 579, инв. № 292 НҚ, бб. 1-20. Еңбекте келесі тараулар бар: а) Осы замандар саяси жағы тарихының қорытындысы; ә) Алтыншы қарнда Андалус пен Мағрибте Муваххидун мемлекеті заманында иджитхадты тарату. Еңбекті Хақим Омаров 1971 ж. қайта көшірген¹³.

ҚР Орталық мемлекеттік музейі

Музейдің қоры Ғылмани жинақтарының үш қабылдау актісінен құралған¹⁴. Бұл қордың үлкен бөлігін артефактілер құрайды (фотосуреттер, кілем, жайнамаз кілемшесі, газет мақалалары, шақыру билеттері, сәлде, тақия, шәйнек, портфель, сағат, шапан, халаттар, аяқкиім т.б.). Олардың арасында «Қазақстан мешіттерінің фотосуреттері бар альбом» (қолдан анықтамалар қойылған 125 фотосурет; КК 26647/21), «Йасин-и шариф» екі кітабы (Санкт-Петербург, 1906, 23 б.; КК 26647/2, КК 26647/3) көзге түседі.

¹³ Ауызша ақпарат берген ҚР БҒМ ҒК «Ғылым Ордасы» РМК Сирек кездесетін кітаптар музейінің жетекші маманы Өмір Тұяқбаев, 4 тамыз 2014 жыл; Хақим Омаров туралы қараңыз: Ақиқат жолында. Хақим-хазірет Омаровтың өмір жолы / Құрастырушылар: Мәдина Хақимқызы, Хақида Хақимқызы. Жауапты редакторы: Өмір Тұяқбай. Алматы: Өнер, 2013, 73–74, 150, 152-бб.

¹⁴ 1) 2003 жылдың 26 наурызындағы № 2 қабылдау-тапсыру актісі. Тапсырған Садуақасқызы Әмина, тұратын мекенжайы: Алматы, Бегалин көшесі, 85 үй (екі бірлік); 2) 2002 жылдың 26 желтоқсаны № 03 қабылдау-тапсыру актісі. Тапсырған Үкіжан қажы Кәрімова (үш бірлік); 3) 2002 жылдың 11 желтоқсанындағы № 44 қабылдау-тапсыру актісі (барлығы 59 сәттеу бірлігі, КК 26647 нөмірі берілген). Тапсырған Үкіжан қажы Кәрімова. Осы сәтті пайдалана отырып, актілермен танысуға жағдай жасаған доктор Нәзіл Базылханға алғыс білдіреміз.

Келесі қолжазбалар аса құнды болып табылады:

1) Мынадай жұмыстар қамтылған дәптердегі қолжазбалар: а) Естегілер; ә) Өсиетнама; б) Жабай бидің сөзі; в) Ата-тек шежіресі; г) Ақташ-ағаға! Мойындаған тәубесі; ғ) Балалары, туған-туыстарының туған жылдары, 1947 ж. (КК 26647/12);

2) «Ғылмани С. Әдебиет. Екінші бөлім» кітабы, машинкеде терілген, 387 бет. Мұнда барлығы 130 атауы аталып өткен (КК 26647/15);

3) Қазалының имам-хатибтері туралы, қолжазба 1 парақ (КК 26647/48);

4) Тұрсынбай Жұманиязұлының өмірбаяны, арабша әріптермен жазылған 24 жол, 27.08.1968 ж. (КК 26647/49);

5) Өсиетнама, автограф С. Ғылмани, 59 жол, арабша әріптермен жазылған, 1947 ж. (КК 26647/50);

6) Тасырәли Шалықбайұлы, 30 жол, арабша әріптермен жазылған, 15.09.1968 ж. (КК 26647/51);

7) Имам-хатибтер туралы, 1 парақ, арабша әріптермен жазылған (КК 26647/52);

8) Орал облысының имамы Зейнолла Үмбетовтің өмірбаяны, 15 жол, арабша әріптермен жазылған, 24 тамыз 1968 ж. (КК 26647/53);

9) Ғылманидің Иман Бәлкешұлынан алған хаты, 22 жол, 3 наурыз 1971 ж., хаттың артқы жағында Ғылманидің ескертпелері бар (КК 26647/54);

10) Араб әріптерімен жазылған қолжазба, 7 жол (КК 26647/55);

11) Қызылорда мешітінің діни идарасы, қолжазба 11 жол, арабша әріптермен жазылған (КК 26647/56);

12) арабша әріптермен жазылған қолжазба, 27 жол (КК 26647/57).

«Заманамызда болған ғұламалардың ғұмыр тарихтары»

Садуақас Ғылмани жұмыстарының арасында «Заманамызда болған ғұламалардың ғұмыр тарихтары» еңбегі ғылыми қызығушылық тудырып отыр. Аса құнды шығарманың түпнұсқасы автордың Қазақстанда, Алматыда тұратын қызының жекеменшік қорында сақтаулы. Шығармада оның өзіндік атауы жоқ. Оны Ғылманидің магнитті таспаға жазылған «Өсиетнама» аудиокөшірмесінен тыңдап, анықтап барып атаған біз болатынбыз.

Қолжазбаның өзіндік тарихы бар. Ғалымның кіші қызы Әмина Садуақасқызының айтуы бойынша оның әкесі дүниеден қайтқан соң 2 жылдан кейін, 1974 жылы жақын досы әрі көршісі болған Ахметжан Рақымжановтың әйелі қайтыс болған күйеуінің топтамаларының арасынан қолжазбаны әкеп береді. Әкесінің қолы мен кітабын танып, ол қолжазбаны өзіне қабылдайды¹⁵. Осылайша дін қайраткерінің қолжазбасы біршама уақыт қорда болмаған екен.

Жинақ 9 бөлімнен тұрады, мұнда көптеген тұлғалардың, негізінен Қазақстанның солтүстік және орталық аймақтарынан шыққан тұлғалардың өмірбаяны жинақталған. «Сәкен Ғылмановтың өрелі мұрасы» тізімінде 59 адамның өмірбаяны жинақталған, қолжазба 980 беттен тұрады деп көрсетілген. М. Салқынбай да бұл сандарды қайталайды¹⁶.

Мәтін А. Байтұрсыновтың әліпбиі бойынша насх үлгісінде араб графикасында, қазақ тілінде жазылған. Шығарманың тілі қазақтың ауызекі сөйлеу тіліне жақын. Мәтінде араб және парсы сөздері мен сөз тіркестері өріп жүр. Көптеген өмірбаяндарда сипатталып отырған тұлғаның фотосуреттері желімделген.

Шығарма 1967 жылдың маусымында Алматыда басталған. Өмірден озғанға дейін автор мәтінге толықтырулар енгізіп отырған. Мәтін автордың өз жазбаларынан, басқа адамдар жазған және Садуақас Ғылманиға пошта арқылы жіберген өмірбаяндардан құрастырылған (бұл қолжазбалар фотосуреттерімен бірге кітаптың өне бойына жапсырылған).

Мұндай өмірбаяндары бар хаттар Петропавл, Павлодар, Қарағанды, Жаңаарқа, Теміртау қалаларынан, Қазақстанның басқа да орталық және солтүстік аудандарынан келген. Бұлардың кейбір бөлігі кітапқа енгізіліп, ал кейбірі хат-қағаздар қалпында топтамаларында сақталып қалған.

Қолжазба

Қолжазба альбом типтес түптелген кітапқа тігілген фолиант іспеттес. Мәтіндер фабрикалық қағазға жазылған. Кітап 528 парақтан

¹⁵ 2010 жылдың 28 қарашасындағы Әмина Есмағамбетовамен болған ауызша әңгімеден.

¹⁶ *Салқынбай М. С.* Ғылмани – арабтанушы ғалым // *Вестник КазНУ им. аль-Фараби. Серия востоковедения.* №4, 2005, 75-б.

тұрады. Өңірбеттерінің саны (форзацлист) – 17 (34 бет), артқы өңірбет (нахзацлист) – 13 (26 бет).

Кітаптың корпусында қағаздың үш сорты бар (қағаздың көлемі: 28x21 см. мәтіннің көлемі: 24x16, бірақ олар әр бөлікте әртүрлі, аймақтардағы имамдардың өмірбаяндары жазылған әртүрлі хаттардан құралған):

1. Қағазы қалың, шығарманың болашақ мәтінін кіргізуге арналған. Оларды автор қолға түскен әртүрлі сортты материалдардан жинақтаған: 1) жазу қағазы, тығыз, сары түсті, автор кеңсе тауарлары дүкендерінен сатып алған; 2) оқушының торкөз дәптерінен жұлып алынған қағаз (бб. 621–622, 625–626, 633–634, 637–638, 641–642, 645–646, 653–654, 661–662, 665–666, 669–670); 3) оқушының жол дәптерінен жұлып алынған қағаз (бб. 689–690, 693–696, 699–700); 4) жасыл түсті қағаз (бб. 977–988).

2. Жұқа қағаз, сияны сорғызу үшін қолданатын айтарлықтай ашық түсті сорғыш қағаз. Оны автор шығарманың негізгі мәтінін жазуға арналған екі беттің арасына тіккен. Бірақ автор шығарманың мәтінін жалғастырып жазып, кітаптың бұл бөлігіне өтіп кетіп отырған;

3. Авторға шығарманың мәтініне енгізу үшін келген хаттар, анықтамалықтардан тігілген әртүрлі қағаз: бб. 89–92, 229–234, 501–502, 1245–1248 (қағаздың көптеген бөлігі оқушының жол дәптерінен).

Түптеу: құрама, бүтін-картонды, сыртынан қызғылт түсті жасанды былғарымен тартылған. Ол – стандартты, кеңестік кезеңде фотоальбомдарды түптеу үшін қолданылған. Көлемі: 29x20 см. Бүктелген түбіртектердің көлемі: 29x8 см. Түптеудің сыртқы екі жағынан да қазақ оюларының екі түрі салынған (біреуі – түптеудің жоғарғы бөлігінде, формасы дөңгелек; басқасы – сол жағындағы жолда, түптеудің бүкіл ұзындығын бойлай өткізілген). Түптеудің екі жағы да көлемі 28x18,3 см тығыздалған сары түсті қағазбен желімделген. Мұқаба – екі қабатты: 1) сыртқы бөлігі картоннан; 2) ішкі жағы дәкеден және қағаздан құралған. Мұқабаның ішкі бөлігінің үстінгі және астыңғы түбінде қызыл түсті тоқыма жіптен істелген қапталдар бар. Мұқабаның ішкі жағы кітаптың бөлігіне жапсырылған. Мұқабаның көлемі: 29x6 см. Түптеу Алматы қаласындағы (Фурманов көшесі бойындағы) түптеу шеберханасында (автордың) тапсырысы бойынша дайындалған болуы мүмкін.

Кітап бөлігі парақтау әдісімен жинақталған. Ол төрт қатар қайыс таспамен тікесінен тігілген [тесіктерін мынадай аралықтарда ине-

мен тескен: 1) 3,5; 2) 9,5; 3) 14,5 және 4) 21 см.]. Кітап бөлігінің екі жағы 29x2 см көлемді үш қабатты картонды тірек салынып, жіппен бекітілген. Тірекшелері үш қабат материалдардан тұрады: екі қабаты сары түсті тығыздалған қағаз және қызғылт түсті жасанды былғары.

Түптеудің екі жағы да кітап бөлігінен екі парақпен ажыратылған (1-сі өңірбет, біз оны бб. 01-02 деп нөмірлеп қойдық, соңғы артқы өңірбеттері бб. 1341–1342). 01 бетінде Тілеухан Мәженнің қолымен «№ 14» деп жазылған.

Мәтін негізінен парақтың беткі жағына жазылған, оның артқы жағы ереже бойынша бос қалдырылған. Парақтағы жолдардың саны – 27. Кустодтар жүйесіз қойылған. Автор өзіндік беттер бойынша әрбір тоғыз бөлімнің атауларын көшіру үшін ерекшелеген (парақтың беткі жағы). Ол сонымен қатар парақтың артқы жағына негізгі мәтінде бос орындар қалдырған. Кірістірме мәтіндер кітаптың әртүрлі жерлеріне шашырап кеткен. Бұдан бөлек, автор өмірбаянын берген барлық авторлардың фотосуреттерін жапсыруға тырысқан¹⁷.

Беттеу. Бастапқы беттерін құрастырушы өзі нөмірлеген: нөмірленген соңғы саны 1056 болған еді. Бірақ беттерді нөмірлеген уақытта ол қателіктер жіберіп шатасқан¹⁸. Бұдан басқа, қағаздың басқа сортына, басқа қолмен жазылған көптеген мәтіндер тігіліп кірістірілген. Олардың көп бөлігі нөмірленбей қалған¹⁹. Сонымен

¹⁷ Мұндай кірістірілген мәтіндер (атаулар), жазбалар, қысқартылған сипаттағы ескертпелер мына беттерде кездеседі: бб. 8 (мәтіннің үш жолы, жапсырылған фотосурет түсіп қалған), 10 (бір сөз), 85 (2 жол), 219, 428 (2 жол), 525 (1 жол), 751 (1 жол), 807 (3 жол), 907, 908 (2 жол мәтін, жапсырылған фотосурет түсіп қалған), 1027, 1031, 1033, 1152 (5 жол), 1155 (3 жол).

¹⁸ Мынадай кінәраттар кездеседі: 1) қайталанып қойылған нөмірлер: бб. 21, 22 (21-ші беттен беттері жаңылысқан), 409, 942; 2) беттердің нөмірі түзетілген: 47-ші беттен 57 б, 50 б. – 60 б. түзетілген, келесі беті 2 санымен белгіленген, әрі қарай 51 б-тен – 61 б-ке, 56 б-тен 66 б-ке; 3) екі мәрте қойылған; 3) 41, 42, 45, 46 беттеріне нөмір қойылмаған (58 б-тің артында номері жоқ бетте фото бар), 62 және т.б.

¹⁹ Жапсырылған беттер: бб. 47–48, 45–46 (дүдәмал нөмірленген), 57 (фото және хат жапсырылған), 86 (фотосурет жапсырылған), 110 (6 беттен тұратын қағаз жапсырылған; бұл 3 хаттан тұрады), 236 (фотосуреті бар бет жапсырылған), 252 (фотосурет жапсырылған), 343, 456, 503–504 (хаттың мәтіні бөлек 1 парақта), 540 (бөлек бір газет қиындысы), 902 (фотосуреттің негативі бөлек жатыр), 964 (4 беттен тұратын хат жапсырылған) және т.б.

қатар өмірбаяндардың қосымшасы болып табылатын көптеген фотосуреттер бар²⁰. Мәтіннің көптеген беттері бос қалған (500 беттен астам)²¹. Автор мәтінге жаңаша толықтырулар енгізгісі келген болу

²⁰ Мына беттерге фотосуреттер жапсырылған: 115 (фотосуреттің артыңғы жағында 12 жол жазу бар, 1963 жылдың 3 желтоқсанында С. Ғылмани өз қолымен жазған), 200, 334 (артыңғы жағында орыс тілінде жазу бар), 501, 530 (артыңғы жағында қазақша кирилл графикасымен жазу бар), 755 (телеграмма жапсырылған), 819, 1034 (Әлиев Момақанның қайтыс болғаны туралы Көкшетаудан келген телеграмма жапсырылған), 1160.

²¹ Бос беттер (жазуы жоқ): 1) өңірбеттер: 02-08, 010, 012-014, 018-030, 032-034; 2) кітап бөлігінің негізінде: 2-4, 6-7, 11-12, 15-16, 19-20, 23-24, 27-28, 31-32, 35-36, 39-40, 43-44, 47-48, 50-51, 55-56, 58, 60-62, 65-66, 69-70, 73-74, 77-78, 81-84, 87-88, 93-94, 96-98, 100-102, 104-106, 109-110, 113-114, 116-118, 120-122, 124-126, 128-130, 132-134, 136-138, 140-142, 144-146, 148-150, 152-154, 156-158, 160-162, 164-165, 168-170, 172-174, 176-178, 180-182, 184-186, 188-190, 192-194, 196-198, 201-202, 205-206, 208-210, 212-214, 216-218, 220-226, 235-236, 238-240, 242-244, 246-248, 250-252, 254-256, 258-260, 262-264, 266-268, 270-272, 272-276, 279-280, 282-284, 286-296, 298-300, 302-304, 306-308, 310-312, 315-316, 318-320, 322-324, 328, 330-333, 336, 338, 340-342, 344-346, 348-350, 352-354, 356-358, 360-382, 384-386, 388-390, 392-394, 396-398, 400-402, 404-406, 408-410, 412-414, 416-418, 420-422, 424-426, 429-430, 432-434, 436-438, 440-442, 444-446, 449-450, 452-454, 456-458, 460-462, 465-466, 468-470, 472-474, 476-478, 480-482, 484-486, 488-490, 492-494, 496-498, 500, 503-504, 506-508, 510-512, 514-516, 518-520, 522-524, 526-529, 531-532, 534-536, 539-540, 542-544, 546-548, 550-552, 554-556, 558-564, 566, 568, 570-572, 574-576, 579-580, 582-584, 586-588, 590-596, 599-600, 602-604, 607-608, 610-620, 623-624, 626-628, 631-632, 635-636, 639-640, 642-644, 646-648, 650-652, 655-656, 659-660, 662-664, 666-668, 670-672, 675-676, 679-680, 682-684, 686-688, 690-692, 694, 696-698, 700-702, 704-706, 708-710, 712-714, 716-718, 720-722, 724-726, 728-730, 732-734, 736-738, 740-742, 744-746, 748-750, 752-754, 756-758, 760-762, 764-766, 768-770, 772-774, 776-778, 781-782, 784-786, 789-790, 792-794, 796-798, 801-802, 804-806, 808-810, 813-814, 817-818, 820-822, 824-826, 828-830, 832-834, 836-838, 840-842, 844-846, 848-850, 852-854, 856-858, 860-862, 864-866, 868-870, 872-874, 876-878, 881-882, 884-886, 888-890, 892-894, 896-898, 900-902, 904-906, 909-910, 912-914, 916-918, 920-922, 924-926, 928-930, 932-934, 936-938, 940-942, 944-946, 948-950, 952-954, 956-958, 960-962, 964-966, 968-970, 972-976, 979-980, 983-984, 987-988, 991-992, 995-996, 999-1026, 1028-1030, 1035-1036, 1039-1040, 1043-1044, 1047-1048, 1051-1052, 1055-1056, 1059-1060, 1063-1064, 1067-1068, 1071-1072, 1075-1076, 1079-1080, 1083-1084, 1087-1088, 1091-1092, 1095-1096,

керек. Осындай барлық ерекшеліктерді ескере отырып, біз кітаптың барлық бетін қайтадан нөмірлеп шығуға шешім шығардық. Барлығы 1342 бет нөмірленді.

Басылымның принциптері

Әрі қарай зерттеу үшін өмірбаяндық сөздіктің маңызын ескере отырып, оны басылымға дайындауға шешім шығардық. Оның негізіне қолтаңбаның факсимиле мәтіні қойылды. Сөздік үшін материалдарды ретке келтіру және жинақтау жөнінде автор өзінің дйттеген мақсатына жете алмады, қолтаңбаны оның қазіргі калпында бастыру – материалдарды авторлық жинақтау өте бір көңілге қонымды шаруа болатын еді. Дегенмен қазіргі замандағы кирилл шрифтіндегі қазақша мәтіндерде бүтіндей шығарманы өмірге әкелу бойынша автордың идеясын шама-шарқынша іске асыруға жағдай жасауға тырыстық: кіргізілетін мәтіндерді олардың тиісті орындарына ауыстыру бойынша олардың белгілері ескерілді, жеке сөздер мен сөз тіркестерін ауыстыру, тақырыптардың атаулары ерекшеленді, киелі дереккөздерден келтірілген үзінділер түзетілді және т.б.

Осы уақытта сөздіктің тиянақты және толық түсіндірмелерімен оның түпнұсқа жазылғандарына сай терілген мәтінін басу – болашақтың ісі деп білеміз. Алдымызда Садуақас Ғылманидің өз уақытындағы бүтіндей жинағынан құралған әртүрлі дереккөздерден алынған дәйектер мен тиянақты толықтыруларды болашақта басу үшін керектерді табу бойынша көп ізденісті қажет ететін жұмыстар тұр. Қазіргі уақытта оның материалдары әртүрлі мемлекеттік қорлар мен жеке қолдағы жинақтарда шашылып жатыр. Бұл – тарихи фотосуреттердің альбомдары, жекелеген жазысқан хаттар, блокнот-

1099-1100, 1103-1104, 1107-1108, 1111-1112, 1115-1116, 1119-1120, 1123-1124, 1127-1128, 1131-1132, 1134-1136, 1139-1140, 1143-1144, 1147-1151, 1153-1154, 1156-1159, 1161-1162, 1164-1166, 1168-1170, 1172-1174, 1176-1178, 1180-1182, 1184-1186, 1188-1190, 1192-1194, 1196-1198, 1200-1202, 1204-1206, 1208-1210, 1212-1214, 1216-1218, 1220-1222, 1224-1226, 1228-1230, 1233-1224, 1236-1238, 1240-1242, 1244, 1249-1250, 1253-1254, 1256-1258, 1260-1262, 1264-1266, 1268-1274, 1276-1278, 1280-1282, 1284-1286, 1288-1290, 1292-1294, 1296-1298, 1300-1302, 1304-1306, 1308-1310, 1312-1314, 1316-1342.

тар, жеке жазбаларға арналған дәптерлер, ескі басылымды кітаптар, қолжазбалар және тағы басқалар.

Басылым екі томнан тұрады. Бірінші томға өмірбаяндық Жинақтың қазақ (кирилл жазуындағы) және ағылшын тілдеріне аудармасы енді. Аудармада кісі есімдері, географиялық, этностық атаулар мен терминдердің авторлық нұсқасы сақталды. Аударма мәтінінде тік бұрышты жақша ішінде тұпнұсқа беттерінің рет саны көрсетілген. Екінші томда тұпнұсқа мәтіннің факсимилесі беріледі. Екі томды да толыққанды ғылыми көрсеткіштермен қамтамасыз ету көзделді.

Соңында бұл басылымның жұмысы барысында бізге қолұшын берген барлық азаматтарға алғысымызды білдіреміз, олар: Үкіжан Каримова, Әмина Есмағамбетова, Дина Медерова, Бағдат Дүйсенов, Шолпан Қонысбаева, Набат Мұсаханқызы Асқарбекова, Гүлшат Абиқова, Нәпіл Базылхан, Өмір Тұяқбаев, Исатай Бердалиев, Құралай Құрманбаева және басқалар.

Басылым екі томнан тұрады. Бірінші томға өмірбаяндық Жинақтың қазақ (кирилл жазуындағы) және ағылшын тілдеріне аудармасы енді. Аудармада кісі есімдері, географиялық, этностық атаулар мен терминдердің авторлық нұсқасы сақталды. Аударма мәтінінде тік бұрышты жақша ішінде тұпнұсқа беттерінің рет саны көрсетілген. Екінші томда тұпнұсқа мәтіннің факсимилесі беріледі. Екі томды да толыққанды ғылыми көрсеткіштермен қамтамасыз ету көзделді.

INTRODUCTION

Muslim Kazakh society occupies a huge territory, located between the Muslim communities of the North Caucasus in the west, the Volga-Ural Region and Siberia in the north, Eastern Turkestan in the east, and Mawarannahr and Khorasan in the south. The history of its formation, its numerous stages of development, and its specificities remain poorly studied due to the small number of uncovered written sources, as well as to the fragmentary nature and one-sidedness of the information they contain. This shortage – which is known to scholarship – of written primary sources originating from within Kazakh Muslim society is all too often fleshed out in scholarly literature with “external” data.

The study of the bearers of “theoretical Islam” within its midst – theologians the *‘ulama’*, and religious leaders – has particular value for understanding the self-confidence and self-worth of Kazakh Muslim society. The restoration of this milieu at various stages of history can support the task of studying such a complex historical topic, such as the functioning of Islam in nomadic society. It is well known that specifically the *‘ulama’* played an important role in interpreting the position of the Islamic religion and in the development of Muslim culture within the population at large, and it supplied a harmonious combination of Islamic concepts, images, norms, with definite manifestations in the national culture. Through the study of theologians’ biographies, and their activities and creative work, it becomes possible to research the medieval and modern history of the functioning of Islam among the Kazakhs. In this respect, historical-biographical literature originating from the Kazakh milieu is of supreme scholarly interest.

